

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Университет «Мирас»

**«Мирас» университетінде
білім алушылардың білімін бақылау және
бағалау туралы
ЕРЕЖЕ**

**ПОЛОЖЕНИЕ
о контроле и оценке знаний обучающихся в
университете «Мирас»**



Университет ОӘК отырысында талқыланды
Обсуждено на заседании УМС университета
Протокол № 10 от «26» мая 2017 г.

Университет ФК отырысында бекітілді
Утверждено на заседании УС университета
Протокол № 10 от «31» мая 2017 г.

Шымкент, 2017 г.

«Мирас» университетінің Оқу-әдістемелік басқармасымен ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.

2017 жылдың «31» мамыры № 1 хаттамасы «Мирас» университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен 2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН.

«Мирас» университетінде білімді бақылау және бағалау туралы Ережесінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Ережелері, Білім алушылардың оқу үлгерімінің ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестациясын өткізудің типтік ережелерінің негізгі ережелері іске асырылған. Ереже «Мирас» университетіндегі студенттердің/магистранттардың білімін бағалаудың мақсаттарын, міндеттерін, негізгі формалары мен тәртібін анықтайды.

Аталған ереже «Мирас» университетінің жеке меншігі болып табылады және Оқу орнының оқыту қызметінде ішкі қолдану үшін арналған.

МАЗМҰНЫ

Нормативтік сілтемелер	4
Негізгі терминдер және олардың анықтамасы	5
Мағынасы және қысқартылуы	8
1 Жалпы ережелер	9
2 Білім алушылардың оқу-үлгерімінің ағымдағы бақылауын өткізу тәртібі	11
2.1 Білім алушылардың ағымдағы оқу-үлгерімін бағалау тәртібі	14
3 Білім алушылардың аралық аттестациясын өткізу тәртібі	20
3.1 Аралық аттестацияны ұйымдастыру және өткізу	20
3.2 «Қазақстанның заманауи тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу	23
4 Іс-тәжірибені бағалау	26
5 Білім алушылардың қорытынды аттестациясын өткізу тәртібі	29
5.1 Студенттердің қорытынды аттестациясын өткізу тәртібі	29
5.2 Магистранттардың қорытынды аттестациясын өткізу тәртібі	30
6 Білім алушылардың білім деңгейінің сапасын көтеру саясаты	32
7 Меңгерілген білім, қабілет, дағды және құзіреттерді бағалау критерилері	33
8 Академиялық шынайылық саясаты	35

«Мирас» университетінде білім алушылардың білімін бақылау және бағалау туралы ЕРЕЖЕ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Аталған ереже келесі нормативтік құжаттар негізінде жасалған:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27 шілде 2007 ж., № 319-ІІІҚРЗ (05.05.2017 ж. бойынша өзгерістерімен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 17 мамыр 2013 жыл № 499. Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім мекемелерінің қызметінің типтік ережелері (07.04.2017 ж. бойынша өзгерістерімен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 23.08.2012 жыл № 1080. Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандарты (13.05.2016 ж. өзгерістерімен);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 23.08.2012 жыл № 1080. Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім стандарты (13.05.2016 ж. өзгерістерімен);
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 20 сәуір 2011 жыл № 152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (28.01.2016 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен).
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 18 наурыз 2008 жыл № 125 бұйрығы. Білім алушылардың оқу-үлгерімінің ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестациясын өткізудің типтік ережелерін бекіту туралы (21.04.2017 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 29 қаңтар 2016 жыл № 107 бұйрығы. Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру және өткізу ережелерін бекіту туралы;
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 20 сәуір 2011 жыл № 152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (28.01.2016 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен).

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

Академиялық адалдық - білім алушының жазбаша жұмыстарды орындау (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық), емтихандағы жауап, зерттеулердегі, өз ұстанымын көрсету, академиялық қызметкерлермен, оқытушылар мен өзге студенттермен өзара қарым-қатынас, сондай-ақ бағалау барысындағы адалдығын айқындайтын құндылықтар мен ұстанымдардың жиынтығы;

Академиялық қарыз – емтихан бойынша қанағаттанарлық емес баға алу немесе емтиханға келмеу нәтижесінде пайда болған, оқу пәні бойынша білімді қорытынды бақылау бойынша студенттің қарызы;

Академиялық еркіндік – білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына жағдай жасау және инновациялық технологиялар мен оқыту әдістемелерін қолдану мақсатында, таңдау бойынша компонент пәндері бойынша білім мазмұнын, оқудың қосымша түрлерін және оқыту қызметін ұйымдастыруды өзіндік анықтау үшін ұсынылатын, оқыту процесінің субъектілерінің құзіреттерінің үйлесімі;

Академиялық күнтізбе – демалыс күндерін көрсетумен, оқу жылы көлемінде оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби іс-тәжірибелерді өткізудің күнтізбесі;

Академиялық кезең – білім ұйымымен үш форманың біреуін таңдау арқылы, теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, квартал;

білім алушылардың академиялық рейтингі – аралық аттестация нәтижелері бойынша құрастырылған, пәндердің оқу бағдарламаларын білім алушының меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

апелляция – студенттердің білімін объективті емес бағалауға әсер ететін факторларды анықтау және жою мақсатында жүргізілетін рәсім;

оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық практикасында қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін орнатуға мүмкіндік беретін, білім деңгейін балмен бағалау жүйесі;

іс-тәжірибе бойынша күнделік – студенттің/магистранттың практика базасында жұмыс түрлерін, мерзімін көрсетіп және оны орындау орынын көрсетіп, орындаудың кезектілігін қосатын жазба формасы;

іс-тәжірибе бойынша есепті қорғау – студенттің практикада болу барысында алынған теориялық және практикалық білімі мен дағдыларын растайтын, кәсіби іс-тәжірибе туралы есептің мазмұны бойынша студенттің баяндамасы;

индивидуалды оқу жоспары (ИОЖ) – білім алушының эдвайзердің көмегімен, типтік оқу жоспары және элективті пәндер каталогы негізінде, әр оқу жылына өзіндік қалыптастыратын оқу жоспары;

білім алушыларды қорытынды аттестаттау – бітірушілердің білім алу теориялық деңгейін, қалыптасқан кәсіптік құзіретін, кәсіптік міндеттерді орындауға даярлығын және олардың білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі;

күзiреттер – студенттiң оқу процесiнде алынған бiлiмiн, дағдылары мен қабiлеттерiн кәсiби қызметте қолдану қабiлетi;

бiлiм алушылардың оқу жетiстiгiн бақылау – жоғарғы оқу мекемесiмен өзiндiк анықталатын, түрлi бақылау формалары және аттестациялармен бiлiм алушылардың бiлiм деңгейiн тексеру (ағымдағы, аралық және қорытынды);

кредиттiк оқыту технологиясы – бiлiм алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемiн өлшеудiң сәйкестендiрiлген бiрлiгi ретiнде кредиттi пайдалана отырып, бiлiм алушылардың пәндердi оқып зерделеу дәйектiлiгiн таңдауы және дербес жоспарлауы негiзiндегi оқыту;

бiлiм алушының iс-тәжiрибе бойынша есебi – практика барысында талданған, жүйелендiрiлген және жиналған материалдарын қосатын, студенттiң/магистранттың кәсiби iс-тәжiрибесiн бақылаудың қорытынды формасы;

тiркеушi офисi – бiлiм алушының оқу жетiстiктерiнiң барлық тарихын тiркеумен айналысатын және бiлiмдi бақылаудың барлық түрiн ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингiн есептеудi қамтамасыз ететiн тұлға;

постреквизиттар – оқу аяқталған соң алынатын, оқу үшiн бiлiмдi, қабiлеттi және дағдыларды қажет ететiн пәндер;

пререквизиттар – оқылатын пәндi меңгеру үшiн қажет бiлiм, қабiлет және дағдылардан тұратын пәндер тiзiмi;

бiлiм алушылардың аралық аттестациясы – бiлiм алушының пәндi оқып болған соң, бiр оқу пәнiнiң бiр бөлiгiн немесе барлық көлемiнiң мазмұнын меңгеру деңгейiнiң сапасын бағалау мақсатында өткiзiлетiн рәсiм;

кәсiби iс-тәжiрибе – жоғарғы оқу орны мекемесiнде студентпен және магистрантпен оқу процесiнде алынған теориялық бiлiмдi бекiтуге, практикалық дағдылар мен күзiреттердi алуға, сонымен қатар алдыңғы қатарлы тәжiрибенi меңгеруге бағытталған оқудың формаларының бiрi;

аралық бақылау – бiр оқу пәнiнiң үлкен бөлiмiн аяқтау бойынша бiлiм алушының оқу жетiстiгiн бақылау;

университеттен iс-тәжiрибе жетекшiсi – кафедрамен тағайындалған, практика базасының қызметi мен кәсiп саласын бiлетiн, және практика сұрақтары бойынша студентпен/магистрантпен кеңес беру жұмыстарына жауапты тәжiрибелi оқытушы;

кәсiпорыннан iс-тәжiрибе жетекшiсi – кәсiби iс-тәжiрибеге жетекшiлiктi iске асыратын және аталған кәсiпорында студенттердiң/магистранттардың iс-тәжiрибеден өту процесi бойынша жауапты, бiлiктi маман;

бiлiм алушының өзiндiк жұмысы (СӨЖ) – оқу-әдiстемелiк әдебиеттермен және ұсыныстармен қамтамасыздандырылған бiлiм алушыға өзiндiк оқуы үшiн бөлiнген, тесттер, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар және есептер түрiнде бақыланатын, белгiлi бiр тақырыптар тiзiмi бойынша жұмыс. Бiлiм алушылардың категорияларына байланысты, ол студенттiң өзiндiк жұмысы (СӨЗ) және магистранттың өзiндiк жұмысына (МӨЖ) бөлiнедi. СӨЖ барлық көлемi, бiлiм алушыдан күндегi өзiндiк жұмыс

бойынша талап етілетін тапсырмалармен расталады;

білім алушының оқытушының жетекшілігімен өзіндік жұмысы (СОӨЖ) – бекітілген кесте бойынша өткізілетін, білім алушының оқытушының жетекшілігімен аудиториядан тыс жұмысы. Білім алушылардың категориясы бойынша ол студенттің оқытушының жетекшілігімен жұмысы және магистранттың оқытушының жетекшілігімен жұмысы болып бөлінеді;

оқу-үлгерімінің орта балы (Grade Point Average - GPA) - таңдалынған пән бойынша бір оқу жылы үшін білім алушының оқу жетістігі деңгейін орта есеппен бағалау (пәндер бойынша аралық аттестация бағалар балдарының цифрлық баламасына кредиттерді шығару соммасының оқудың ағымдағы кезеңі бойынша кредиттерінің жалпы санына қатынасы);

білім алушылардың оқу-үлгерімінің ағымдағы бақылауы – студенттердің, академиялық кезең бойына кестесіне сәйкес оқытушының аудиторлық және аудиториядан тыс өткізетін, кәсіби оқу бағдарламасымен сәйкес білімін жүйелі тексеру;

транскрипт – кредиттерін көрсетіп және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаларды көрсетіп, сәйкес оқу кезеңі бойынша, өтілген пәндер тізімінен тұратын құжат;

Білім алушының оқу жетістіктері – білім алушылардың оқу процесінде меңгерген және тұлғалық дамудың жеткен жетістігін көрсететін, білім алушының білімі, қабілеті және дағдылары.

емтихандық сессия–жоғарғы оқу мекемелерінде студенттерді аралық аттестациялау кезеңі;

quiz – студенттің ағымдағы оқу-үлгерімін бағалау шеңберінде жүргізілетін тестілеу.

МАҒЫНАСЫ ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТЫЛУЫ

ҚР БжҒМ	- Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігі;
МЖМБС	- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты;
МАК	- Мемлекеттік аттестациялық комиссия;
ҚМК	- Қорытынды мемлекеттік комиссия ;
ТОЖ	- Типтік оқу жоспары;
ТОБ	- Типтік оқу бағдарламасы;
ОЖБ	- Оқу жұмыс бағдарламасы;
ҒК	- Ғылыми кеңес;
ОӘК	- Оқу-әдістемелік кеңес;
ТО	- Тіркеуші офисі;
ПОҚ	- Профессорлық-оқытушылар құрамы;
GRA	- Студенттің оқу кезеңі бойынша орта есеппен бағасының өлшемі.

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Университет өз миссиясы ретінде «Сапалы өмір үшін қол жетімді білім» деп жариялады. «Мирас» университетінің сапа саласындағы саясаты оқу орнының миссиясымен ажырамас байланысты және түлектердің кәсіби кұзіретін және болып жатқан өзгерістерге тез бейімделу қабілетін дамыту арқылы олардың жоғарғы сұранысқа иелігін көтеруді өзінің мақсаты ретінде анықтайды.

Ішкі саясат шеңберінде академиялық шынайылық, қызметкерлер және білім алушыларға қатысты сабырлық, антикоррупциялық саясат принциптерінеаса зор көңіл бөлінеді.

Осы принциптерге сай болуды қамтамасыз етудің кұралдары болып табылады:

– Білімді бағалау процестерін автоматтандыру, сабаққа қатысуды, шағым түсіруді бақылау, адами факторлардың әсер етуін жоятын қаржылық операцияларды, контингент жылжуын іске асыру;

– Студенттермен жұмыс және студенттерді қолдау кұрылымдары ішкі жұмыстары жүйесін ұйымдастыру (жетекшілер, деканаттар. СҚҚО, ЖІЖК);

– Қайта байланыс алу жүйесін ұйымдастыру (call-орталық, онлайн шағым, ректор блогы, сенім жәшігі);

– Ішкі нормативтік кұжаттар: «Студентінің ар-намыс кодексі» және «Академиялық адалдық ережелері».

Білім алушының оқу жетістіктерін тексеру, университетпен өзіндік анықталатын, түрлі бақылау және аттестация түрлерімен іске асады.

Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білімін бақылау және бағалау бойынша іс-шаралар кешені мыналарды өткізуді болжайды:

- ағымдағы;
- аралық;
- қорытынды бақылау.

Оқу-үлгерімінің ағымдағы бақылауы, аралық және қорытынды аттестация, білім алушылардың кәсіби оқу бағдарламаларын және мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандартын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Білім алушылардың барлық оқу тапсырмалары және жұмыстары бойынша оқу жетістіктері, оқу орындарында мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес білімді бағалаудың балдық-рейтингілік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Бағалаудың дәстүрлі мектебіне өткізу 1-кестеге сәйкес жүргізіледі.

Пәнге қорытынды баға, максимуммен есептегенде – 100 балл, ағымдағы оқу-үлгерімінен – 60 балл және емтихандық бағада -40 баллдан тұрады.

Білім алушылардың білім деңгейі оның орта есепті бағасы – GPA арқылы анықталады.

Кесте 1. Білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі дәстүрлі бағалау мектебіне ауыстырылуымен

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F*	0	0-49	Қанағаттанарлық емес

* F бағасы пәннің меңгерілмегенін және қайта оқуды талап ететінін білдіреді

Білім алушылардың тілдер бойынша (шет тілі, қазақ тілі, орыс тілі) оқу жетістіктері 1 қосымшаға сәйкес шкала бойынша оларды оқудың деңгейлік моделіне сәйкес бағаланады.

Пәнге қорытынды баға, максимуммен есептегенде – 100%, ағымдағы оқу-үлгерімінен – 60% және емтихандық баға -40% тұрады.

Білім алушылардың білім деңгейі оның орта есеptі бағасы– GPA арқылы анықталады.

Оқу жылы 2 семестрден тұрады: күздік және көктемдік. Бір семестрдің жалғастығы 15 аптаны құрайды. Сонымен қатар, «Мирас» университетінде ұзақтығы 6 аптадан кем болмайтын, жаздық семестрді ұйымдастыру қарастырылған, ол қосымша пәндерді өту және академиялық қарыздарды жою үшін арналған.

Семестр аяқталған соң, студенттерді/магистранттарды аралық аттестациялау іске асырылады. Академиялық күнтізбеде бұл кезең «емтихандық сессия» деп аталады.

Ағымдағы және аралық бақылау, аралық аттестация қорытындысы бойынша, сәйкес семестр барысында оқылған пәндер бойынша қорытынды бағалар шығарылады.

Емтихандық сессиядан кейін, ереже бойынша, демалыстар жалғасады (жылына 7 аптадан кем емес), ол уақытта мамандықтың оқыту бағдарламасымен білім алушының кәсіби іс-тәжірибелері мен тағылымдарын өткізу қарастырылуы мүмкін.

2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ҮЛГЕРІМІНІҢ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Студенттердің/магистранттардың оқу-үлгерімінің ағымдағы бақылауы оқу пәнінің әрбір тақырыбы бойынша өткізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтар білімін бақылаудан тұрады.

Ағымдағы бақылаудың бағасы (рұқсат рейтингінің бағасы) аудиториялық сабақтардағы ағымдық бақылау бағаларының және аралық бақылау бағаларының қосындысынан шығады.

Аралық кезеңдердің саны оқу формасына байланысты болып келеді. Аралық бақылау, бір оқу пәні бойынша академиялық кезең барысында екі реттен кем емес өткізіледі. Аралық бақылаулардың саны және олардың ұзақтығы, ағымдағы оқу жылына оқу процесінің кестесін және академиялық күнтізбесін бекіту барысында, университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен орнатылады.

Аралық бақылаулардың саны және олардың ұзақтығы оқу формасына қатысты -2кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Бір академиялық кезеңдегі аралық бақылаулар саны

Оқу формасы	Аралық бақылаулар саны	Өткізілу мерзімдері
күндізгі (бакалавриат)	3	5-і, 10-і және 15-і апта
күндізгі (магистратура)	2	7-і, 8-і апта – бірінші аралық кезең, 14-і, 15-і – екінші аралық кезеңі
кешкі	2	8-і, 15-і апта
сыртқы	2	2-і, 4-і апта

Аралық бақылаулардың нәтижесі жалпы рейтингке қосылады, ол студенттің емтихандарды тапсыру үшін, 36-ға тең минималды рұқсат балы санын анықтайды. Бұл емтиханнан тіпті 20 балл алған күннің өзінде, келесі курсқа өту үшін минималды GPA жинауды қамтамасыз етеді.

Академиялық кезеңнің ұзақтығы жалпы 15 аптаға созылатын, күндізгі оқу формасы үшін, алуға мүмкін максималды балл саны 60-қа тең. Бұл жағдайда, академиялық кезең 3 аралық бақылаудан тұрады, әрбір аралық кезеңге максималды 20 балдан болады (3 кесте):

Егер қандай да бір пәнді оқу бағдарламасы, курстық жұмысты жазу және қорғауды қосатын болса, онда балдарды есептеу басқа сызба бойынша жүргізіледі.

Пән бойынша емтихандық бағаға сол 40 балдан келеді, ал 60 балл ағымдағы оқу-үлгерімі үшін 30 балдан, және курстық жұмысты жазу және қорғау бойынша 30 балдан тұрады.

3 кесте. Күндізгі оқу формасы үшін пән бойынша балдарды бөлу

Аралық бақылау		I	II	III	Сессия
аралық кезең / апталар		1–5	6–10	11–15	16–18
Максималды балдар саны	Бағалық кезеңге	20	20	20	40
	Академиялық кезеңге	60			
		100			

Егер қандай да бір пәнді оқу бағдарламасы, курстық жұмысты жазу және қорғауды қосатын болса, онда балдарды есептеу басқа сызба бойынша жүргізіледі.

Пән бойынша емтихандық бағаға сол 40 балдан келеді, ал 60 балл ағымдағы оқу-үлгерімі үшін 30 балдан, және курстық жұмысты жазу және қорғау бойынша 30 балдан тұрады.

Өз кезегінде, курстық жұмыс үшін алуға болатын максималды балдар саны – 30 балды құрайды. Курстың жұмысты бағалау тұрады:

60 % (18 балл) – Курстың жұмыстың мазмұны үшін;

40 % (12 балл) – Курстың жұмысты қорғау үшін.

Курстың жұмысты жазу бірінші 2 аралық кезең барысында жүзеге асады, және оның мазмұны мен безендіруінің бағалауы ағымдағы семестрдің кем дегенде 14-аптасына дейін қойылады. Курстың жұмысты қорғау ағымдағы семестрдің 15-аптасында өтеді.

Кесте 4. Күндізгі оқу формасы үшін курстық жұмыстары (жобалары) бар пән бойынша балдарды бөлу

Аралық бақылау		I	II	III	Сессия
Аралық кезең / апталар		1–5	6–10	11–15	16–18
Максималды балдар саны	Бағалық кезең үшін	10	10	10	40
		30			
	Курстық жұмыс үшін	18	12		
		30			
Академиялық кезең үшін	60				
100					

Курстық жұмыстың болуы және оны қорғау бойынша қанағаттанарлық баға алу студент үшін аталған пән бойынша емтиханды тапсырғанға дейін рұқсаты болып табылады.

Академиялық кезеңде 2 аралық бақылау жүргізілетін оқу формалары үшін, жалпы 100 балды бөлу жүйесінде айырмашылық бар болады. Яғни,

ағымдағы бақылауға келетін 60 балл, 2 рейтингке әрбір аралық кезең үшін 30 балдан бөлінеді.

Пән бойынша курстық жұмысы болған жағдайда, ағымдағы бақылаудың 30 балы 2 аралық кезеңге әрқйсысына 15 балдан бөлінеді, ал курстық жұмысты жазу және қорғау үшін берілетін 30 балл, алдыңғы есептегі секілді бөлінеді.

Курстық жұмыстарды (жобаларды) қабылдау үшін, кафедра меңгерушісінің өкімімен комиссия жасақталады, оның құрамында кем дегенде кафедра ПОҚ қатарынан 2 адам болады.

Ғылыми және педагогикалық бағытты магистратурада, курстық жұмыс магистрлік жұмыстың бірінші кезеңі ретінде болып табылады, және сәйкес семестрде МҒЗЖ үшін бөлінетін сағаттар шеңберінде орындалады. Курстық жұмыс магистрлік диссертацияның бөлігі болып табылады және ол магистрлік диссертация материалының кем дегенде үштен бірінен тұруы керек.

Осылайша, курстық жұмыс магистранттарды, нақты бір пәнге байламайды және ол үшін өзіндік балды-рейтингтік әріптік бағалау жүйесінің бағасы қойылады. Магистратурадағы курстық жұмыстың мазмұны мен безендіруіне, қорғауға ұсыну тәртібі және курстық жұмысты қорғау рәсіміне негізгі талаптар «Мирас» университетінің «магистратура мамандықтары үшін курстық жұмысты жазу бойынша Ережесінде» толығымен сипатталған.

2.1 Білім алушылардың ағымдағы оқу-үлгерімін бағалау тәртібі

Оқу-үлгерімінің ағымдағы бақылауының нәтижелерін есептеуді, силлабуспен сәйкес студенттердің тапсырмалардың бөлек түрлерін орындауы және тапсыруы бойынша, оқытушы іске асырады. Ағымдағы бақылаудың қорытындысын оқытушы университеттің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің электронды журналына қояды.

Осылайша, бакалавриаттың күндізгі бөлімі үшін бағалар келесі уақыттардан кешіктірілмей қойылуы керек:

- 1-аралық кезең бойынша 5-аптаның аяқталуы;
- 2-аралық кезең бойынша 10-аптаның аяқталуы;
- 3-аралық кезең бойынша 15-аптаның аяқталуы.

Топтың электронды журналына қойылатын барлық бағалар, аралық кезеңнің аяқталуынан кейін 3-күннің ішінде, университеттің ақпараттық студенттік порталында бейнеленеді.

Білім алушылар, студенттің Порталына кіріп, аралық бақылаудың қорытындысы бойынша алынған балдарымен таныса алады ([www.http://base.miras.edu.kz](http://base.miras.edu.kz)).

Білім алушылардың білімін бағалау түрлі формаларда/түрлерде іске асуы мүмкін.

Бақылаудың ауызша-жазбаша формасы

Аталған пәннен сабақ беретін оқытушы, студенттерден ағымдағы сабақтарда жауап алу арқылы, семинарлық сабақтарда сұрау арқылы, қорытынды бақылау жүргізу арқылы студенттердің білімді меңгеру деңгейін анықтайды. Практикалық және зертханалық сабақтарда тапсырмаларды орындауы арқылы анықтайды. Әрбір орындалған тапсырма 100 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Әрбір аралық кезеңде кем дегенде 1 қорытынды бақылауы болуы керек, ал әрбір студент кем дегенде 2 рет сұралуы керек. Студентте аралық кезең бойынша 3 бағадан кем болмаған жағдайда, орта балл осы 3 бағадан есептелінеді, бұл ретте жетіспейтін бағалар бойынша «0» балы қойылады.

Quiz жүйесі бойынша білімді бағалау

Quiz арқылы білімді бағалау жүйесі, студенттерді тестілеу арқылы білімді бағалау жүйесіне үйрету, оларда аналитикалық ойлауды дамыту және академиялық тәртіпті сақтау деңгейін көтеру мақсатында қолданылады. Quiz жүйесі бойынша бағаланатын пәндер шеңберінде, ағымдағы оқу-үлгерімінің деңгейі тек электронды тестілеу арқылы анықталады, бұл ретте, бағаларды электронды журналға оқытушылар қоймайды. Quiz жүйесі арқылы білім алушылардың ағымдағы оқу-үлгерімінің білімін бағалау іске асатын, пәндер тізімі академиялық кезеңнің басталғанынан кем дегенде 1 айға дейін Ғылыми кеңесте бекітіледі.

Бір Quiz-ге тапсырмалар өтілген тақырыптар бойынша алынады. Тестілік сұрақтар кездейсоқ түрде компьютерлік бағдарламамен таңдалынады. Сонымен қатар, бағдарлама студентке қарапайым сұрақтармен бірге, сонымен қатар қиын сұрақтарды да, мысалы тапсырмаларды береді. Тесттік тапсырмалар саны, бір тестілеу үшін тағайындалады, ол пәннің кредиттеріне байланысты болады:

- 1 кредит – 1 тест = 20 тесттік тапсырма,
- 2 кредит – 1 тест = 30 тесттік тапсырма,
- 3 кредит – 1 тест = 40 тесттік тапсырма,
- 4 кредит – 1 тест = 40 тесттік тапсырма,
- 5 кредит және одан да артық – 1 тест = 50 тесттік тапсырма.

Тестілеу арқылы білімнің әрбір аралық бақылау қорытындысы бойынша білім алушының жинай алатын максималды балы, бір академиялық кезеңдегі Quiz тесттерінің санына байланысты болады. Студент аралық бақылаулар бойынша жалпы максимум 60 балл жинай алады. Осылайша, Quiz арқылы бір аралық бақылау қорытындысына студент алуы мүмкін максималды балдар саны, келесідей есептелінеді: 60/бір академиялық кезеңдегі Quiz саны.

Білім алушылардың бақылауы толығымен автоматтандырылған. Сондықтан студенттің тестілік тапсырмаларды өтуді бастауға рұқсаты, бағдарлама келесілерді тексеріп болған соң жүргізіледі:

1. Қаржылық қарызды тексеру. Егер қаржылық қарызы болмаса, тесттік тапсырмалар ашылады.
2. Алдыңғы Quiz-ді 60%-дан кем емес оң нәтижемен тапсыру

Аралық кезең уақытында студентке, Quiz жүйесі бойынша білімді бағалауды қарастыратын пәндер бойынша тест тапсыру мүмкіндігі ұсынылады, тек қана Тестілеу орталығы базасында ғана емес, сонымен қатар университеттің әрбір корпусарында, арнайы бөлінген жерлерде «Мирас» университетінің жергілікті желісі қамтитын аймақтарда, бақылаушының қатысуымен. Осылайша, студент:

- тесттерді кесте бойынша емес, өзі бос уақытта, заманауи ақпараттық-технологиялық технологияны қолдана отырып, яғни, аралық кезең бойынша тестілік базаға өзі қалаған уақыттарда және тәртіпте, пәндер бойынша тестілерге дайын болуына байланысты;

- ТО қайта бармай-ақ қайта тапсыра беруге.

Quiz жүйесі бойынша аралық бақылауды тапсырудың мұндай рәсімі келесі мақсаттарды іске асыру үшін енгізілген:

1. студенторталықтану;
2. академиялық еркіндік;
3. жаңа ақпараттық технологияларға ауысу;
4. білім алушылардың күйзеліс факторын түсіру.

Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ)

СӨЖ үшін материалдары үй тапсырмаларының мәтінінен, әрбір тақырып бойынша өзін-өзі бақылау үшін материалдардан, ағымдағы жұмыс түрлерін орындау бойынша тапсырмалардан, рефераттардан және басқа да тапсырмалардан тұрады. Ол тапсырмалардың көлемі және тапсырманы орындау үшін қажет болатын көмекші оқу және анықтамалық әдебиеттері беріледі.

СӨЖ өткізу және бақылау формасын оқытушы пәннің мақсаты мен міндеттеріне, оқу материалының мазмұнына, СӨЖ бөлінген сағаттар санына сәйкес өзі таңдайды және тағайындайды.

СӨЖ үшін тапсыруға арналған тапсырмалар саны –1 кредитке 1 кем болмауы керек.

Студенттердің СӨЖ орындауын оқытушылар электронды журналда тіркейді. Quiz жүйесі бойынша бағаланатын пәндер шеңберінде, СӨЖ тапсыруға бағалар қойылмайды, бірақ барлық СӨЖ дайындалуы және қорғалуы керек. Бұл «+» түрінде топтың электронды журналында сәйкес белгілермен қойылады. СӨЖ тапсыру және қорғау, сәйкес пән бойынша емтихан тапсыруға рұқсат болып табылады.

СӨЖ курстың белгілі бір бөлімдері бойынша жүргізіледі немесе бірнеше тақырыптарды, бөлімдерді және модулдерді қамтитын кезекті проблемалар бойынша жүргізіледі. СӨЖ белгілі бір курс сұрақтары бойынша зерттеу сипатына ие болады, көп жағдайда бұл әдістемелік сипаттағы сұрақтар.

СОӨЖ (СОӨЖ) СӨЖ-дің бөлігі болып табылады және білім алушының өзіндік жұмысының жалпы көлемінің кем дегенде 25% құрайды.

СӨЖ барлық түрлері түрлі үйлесімдегі әртүрлі әдістемелік тәсілдермен өтілуі мүмкін.

СӨЖ ең танымал түрлері болып табылады:

Қандай да бір түсінікті қалыптастыру, қысқа эссе жазу.

Тақырып бойынша шолу – ұсынылған тақырып бойынша 1-2беттен тұратын қысқа әдеби шолуды жазу, ол үшін басылымнан және Ғаламтордың ақпараттық ресурстарынан қосымша материалдарды қолдануға болады.

Глоссарий жазу – берілген тапсырма бойынша терминдер мен анықтамалардың қысқаша түсінігі.

Рефераттар және баяндамаларды студент таңдауы бойынша дайындайды (әр модульден бір рефераттан). Студенттер топ болып жасауына да болады, егер әр қайсысы бір-бір бөлімдерді жасайтын болса. Реферат сұрақтың мәнін ашуы керек. Максималды ақпаратты болуы керек және өз ойынан тұруы керек.

Презентация – студент презентация үшін белгілі бір тақырыпты таңдап, қандай да бір аспекті бойынша өз ойын, көзқарасын немесе түсінбейтін тұсын баяндайды. Презентациялар уақыты -8-10 минут. Презентация тақырыптың ашылу критерилері, тыңдаушыда пайда болған қызығушылық деңгейі, кәсібилігі бойынша бағаланады.

Іскерлік ойын – болашақ кәсіби қызметі үшін қажет, дағдыларды студенттерде қалыптастыратын рөлді немесе топтық ойыны. Кейде үйдегі дайындықты немесе кітапханалық аяқтауды қажет етеді.

Нақты оқу жағдайы– өзі бойынша студенттерден сұрақтарға жауапты талап ететін немесе проблеманы көруі бойынша өз ойын жазуды талап ететін жағдай.

Топтық жоба – топта 4-5 адамнан кем болмауы керек, әрбір топ белгілі бір тақырып бойынша өз жобаларын жасайды. ЭЕМ, блок-сызбаларды қолдану ұсынылады. КТК саласында да өткізуге болады.

Индивидуалды жоба– дайындығы жақсы студенттер өз қалаулары бойынша орындайды. Жұмыс тақырыбының бірізділігімен және зерттеу сипатымен ерекшеленуі керек.

Материалдарды ауызша мазмұндау (presentation) – студент берілген тапсырма бойынша өзіндік дайындық сұрақтарына сәйкес материалдарды мазмұндайды. Presentation уақыты– 10-15 минут. Келесі критерилер бойынша бағаланады– тақырыптың қаншалықты ашылуына және қоршаған адамдарда қаншалықты қызығушылық шақырғанына. Әдебиеттер қаншалықты қолданылды, әсіресе қосымша.

Жызба жұмысы (конспектiлер, эссе) әрбір модульдің соңында жүргізіледі. Ол қолданылған әдебиеттерден тұрады. Жазба жұмысы 1-2 бетте қысқаша мазмұндалуы, ал эссе максимум 2 бетте жазылуы керек.

Тесттер әрбір модульдің соңында жүргізіледі және қарастырылатын сұрақтар бойынша ақпараттардан тұрады. Оқытушы студенттердің рұқсатынсыз бес минуттық кез-келген тақырыпта тест жүргізуіне болады.

Кейстерді құрастыру. Жағдайдың талдау негізінде құралады. Студенттерге сипаттамасы проблеманы бейнелейтін, жағдайды ойлау ұсынылады. Бұл ретте проблема бір шешімді емес. Кейстегі іс-әрекет не

сипаттамада беріледі, немесе проблеманы шешу тәсілі ретінде ұсынылуы мүмкін.

Пікірлері студенттердің бір-бірінің презентацияларына және рефераттарына. Пікір алынған ақпарат бойынша қысқаша талдаудан тұруы керек, баяндаманың әлсіз және мықты тұстарын бейнелеуі керек.

Тапсырмаларды шешу. Әрбір студент оқытушыдан индивидуалды тапсырма алады, оны ол жазбаша формада орындауы керек.

Тапсырмаларды құрастыру. Студенттер өздері дәрісте өткен тақырыптар бойынша тапсырмалар шарттарын құрастырады. Шарттарымен қатар, тапсырмаларды шешу жолы да берілуі керек.

Курстық жұмыс (жоба)

***бакалавриат**

Студенттердің оқу процесі барысында алған білімдерін бекіту, тереңдету және жалпыландыру, өзіндік және шығармашылық ойлау қабілетін дамыту мақсатында, сәйкес оқу жоспарларында курстық жұмысты (жобаны) сәйкес курстық оқу жоспарына сәйкес орындау қарастырылған.

Курстық жұмыс (жоба)- жоғарғы оқу орындарының студенттері белгілі бір уақытта және белгілі бір талаптар бойынша орындайтын тапсырма. Курстық жұмыс (жоба)– реферат, баяндама және бақылау жұмыстарына қарағанда, оқу курсының таңдаған проблемасы бойына тереңдетілген және көлемді зерттеуі. Жиі жағдайда курстық жұмыстар мамандық бойынша негізгі болып табылатын пәндер бойынша орындалады.

Курстық жұмысты (жобаны) орындаудың мақсаты болып табылады:

- оқылатын пәндер бойынша алынған теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелендіру және жалпыландыру;
- берілген тапсырмаға сәйкес теориялық білімді тереңдету;
- жалпы және кәсіби құзіреттерді қалыптастыру және дамыту;
- студенттерді шынайы кәсіби проблемаларға тарту арқылы, кәсіби маңызды зерттеу қабілетін, ғылыми ойдаудың заманауи стилін дамыту;
- білім алушылардың теориялық және практикалық дайындық деңгейін тексеру және анықтау, кәсіби құзіреттерді қалыптастыру шарттары ретінде, үздіксіз өзін-өзі дамытудағы қажеттіліктерді өзектілендіру;
- мемлекеттік (қорытынды) аттестацияға дайындау.

Курстық жұмысты (жобаны) жазу барысында білім алушы көрсетуі керек: әдебиетпен жұмыс жасау дағдыларын, ақпарат көздерін талдау қабілеті және негізделген қорытынды шығара білу, тапсырмалар, формулаларды шешудің түрлі әдістерін қолдану қабілетін және т.б.

Курстық жұмыстың (жобаның) тақырыбы аталған пәннің міндеттеріне, кәсіпорынның, ғылымның, мәдениеттің, өнердің, кешенділіктің заманауи талаптарына сай болуы керек, яғни өзара байланысты сұрақтарды шешу қатарына.

Курстық жұмыстың (жобаның) тақырыбы өзекті болуы керек, ғылым мен технологияның заманауи жағдайына және дамуының перспективаларына сәйкес келуі, кәсіпорынның, ғылымның және техниканың шынайы

міндеттерін есепке алуы керек

Курстық жұмыстың (жобаның) тақырыбы шығарылатын мамандық бейініне сәйкесболуы керек, жаңашылдық элементтерінен тұруы керек және осымен қатар мамандарды дайындау бағыттары бойынша кәсіби қызметтің практикалық талаптарына сай болуы керек, экономиканың, еңбек нарығының және жұмыс берушілердің аймақтық талаптарына сәйкес болуы керек.

Курстық жұмыстың (жобаның) тақырыбын оқытушылар жасайды және ол кафедра отырысында бекітіледі.

Курстық жұмыстың (жобаның) тақырыбын бекітуді білім алушылар академиялық кезең басталған соң 1-2 апта көлемінде жүргізеді.

Курстық жұмысты (жобаны) дайындау және қорғауды студент бір академиялық кезең барысында іске асырады.

Курстық жұмыс (жоба) үшін студенттің алған балдары, студенттердің пән бойынша білімінің ағымдағы және аралық бақылауының балдарының жалпы соммасына кіреді және студенттің сынақ кітапшасына бөлек жазбамен енгізіледі.

Курстық және есептік-кестелік жұмыстар әдістемелік нұсқаулармен сәйкес безендірілуі керек және емтихандық сессия басталғанға дейін қорғалуы керек. Олар аталған пән бойынша емтиханға кіруге рұқсат болып табылады. Курстық жұмысты дайындамаған және қорғамаған білім алушылар сәйкес пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

Студенттердің курстық жұмыстарын (жобаларын) ұйымдастыру және жетекшілік ету рәсімдері, тақырыбына және орындалу тәртібіне, Курстық жұмысты (жобаны) бағалау критерилері, мазмұнына және құрылымына талаптар, Курстық жұмысты (жобаны) безендірудің жалпы ережелері «Мирас» университетінің «Курстық жұмыс (жоба) туралы Ережесінде» толығымен сипатталған.

****магистратура***

Ғылыми және педагогикалық бағыттағы магистратурада курстық жұмыс магистрлік диссертацияның бірінші кезеңі болып табылады және сәйкес семестрдің МҒЗЖ үшін бөлінген сағаттар шеңберінде орындалады. Курстық жұмыс магистрлік диссертацияның бөлігі болып табылады және магистрлік диссертацияның үштен бір бөлігін бейнелейтін материалдан тұруы керек.

Магистратурадағы курстық жұмыстың мазмұнына, құрылымына және рәсімделуіне негізгі талаптар, курстық жұмысты қорғауға ұсыну тәртібі және жалпы қорғау рәсімі "Мирас" университетінің "Магистратура мамандықтары үшін курстық жұмысты жазу бойынша ережесінде" толығымен сипатталған.

3 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КЕЗЕҢДІК АТТЕСТАЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1 Кезеңдік аттестацияны ұйымдастыру және өткізу

«Мирас» университетінде білім алушылардың кезеңдік аттестациясы, мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім стандарттары негізінде жасалған жұмыс оқу жоспарымен, академиялық күнтізбемен және кәсіби оқу бағдарламаларымен сәйкес іске асады. Білім алушылардың кезеңдік аттестациясы емтихандарды тапсыру және дифференциалды сынақтар формасында жүргізіледі.

Студенттердің кезеңдік аттестациясын ұйымдастыру және өткізу Тіркеуші офисіне жүктеледі. Магистранттардың кезеңдік аттестациясын ұйымдастыруды және өткізуді Тіркеуші офисі магистратура бөлімімен бірлесе отырып іске асырады.

«Мирас» университетінде академиялық күнтізбе және оқу жұмыс жоспарларына сәйкес білімді бағалаудың кезеңдік бақылауы (емтихандық сессия) күздік және көктемдік семестрлердің аяқталуы бойынша ұйымдастырылады.

Білім алушыларды сессияға жіберу шарттары:

- a) қаржылық қарызының болмауы;
- b) сәйкес пән бойынша балының рейтингі 36 балдан төмен;
- c) курстық жұмысты қорғау бойынша қарыздың болмауы;
- d) пән бойынша барлық СӨЖ тапсыру;
- e) пререквизиттар бойынша академиялық қарыздардың болмауы.

Емтихандық сессияға рұқсат екі кезеңде іске асады.

Бірінші кезеңде деканның жалпы өкімі бойынша (магистратура бөлімі меңгерушісінің) оқуға төлемі бойынша қарыздары жоқ, академиялық демалыста немесе ұзақ емдеуде жүрмеген студенттер/магистранттарды емтихандық сессияға жіберу жүргізіледі. Мерзімі – ағымдағы семестрдің соңғы аптасының соңы.

Екінші кезеңде пән бойынша емтиханға жіберуді, оқу-үлгерімінің ағымдағы және аралық бақылауы нәтижелері бойынша анықталатын рұқсат рейтингі бағасы негізінде Тіркеуші Офисі(магистратура бөлімімен) іске асырады. Мерзімі – бірінші емтиханға дейін 1 күн қалғанша.

Емтиханға келгенде білім алушының өзімен бірге міндетті түрде сынақ кітапшасы болуы керек.

Емтихандар кестесі сессия басталғанға дейін 2 апта қалған мерзімде дайын болады.

Қойылатын бағалардың объективтілігі үшін және оқу процесін мониторингін жоғары технологиямен қамтамасыз ету үшін, мақсатты болып табылатын пәндер бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін тесттік бағалау технологиясы енгізілген. Білім алушылар емтихандарды тестілік формада Тестілеу Орталығында тапсырады, оның қызметі Тестілеу

Орталығы туралы Ережемен реттелген. Тесттік формада өтетін емтихандарға бақылаушылар ретінде Тестілеу Орталығының мамандары қатыса алады.

Жазбаша немесе ауызша емтихандарды өткізу барысында, білім алушылардың білімін бағалаудың тазалығын көтеру үшін, Тіркеуші офісі мамандары қатыса алады.

Емтихандарды қабылдау үшін (тестілік емтихандарды қоспағанда), кафедра меңгерушісінің өкімімен, аталған пәннің оқу бейініне сәйкес келетін біліктілігі бар, жетекші оқытушылардың қатарынан.

Емтихандар әрбір пәннің мазмұны мен бейініне байланысты келесі формаларда өткізілуі мүмкін:

- ауызша (билеттер бойынша);
- жазбаша (билеттер бойынша);
- шығармашылық емтихан түрінде (билеттер бойынша);
- компьютерде немесе матрицалық тестілеу арқылы (бірнеше ұсынылатын жауаптар нұсқаларынан дұрысын таңдау);
- кешенді тестілеу арқылы (бір емтихан кезінде бірнеше ұқсас пәндер бойынша тестілеу);
- арнайы емтихан (жобаны дайындау және ұсыну; компьютерде бағдарлама құрастыру; химиялық және физикалық эксперименттер жасау; нормативтік құжаттарды құрастыру, рәсімдеу және толтыру; жағдайлық тапсырмаларды орындау және сол сияқты пәннің бейінін байланысты)
- жасақталған емтихандар түрінде (емтихандарды қабылдаудың әртүрлі формаларын үйлестіру).

Әрбір оқу пәні бойынша емтихандарды өткізу формасы мен тәртібін университеттің ғылыми кеңесі академиялық кезең басталған соң кем дегенде бір айдан кешіктірмей орнатады.

Жеке жағдайларда: денсаулық жағдайы бойынша, отбасылық және қызметтік жағдайлары бойынша – студентке/магистрантқа емтихандық сессияларды уақытынан бұрын немесе индивидуалды кесте бойынша тапсыруға рұқсат берілуі мүмкін. Бұл рұқсатты, растайтын құжаттары негізінде, студенттің/магистранттың сәйкес өтініші бойынша факультет деканы (магистратура бөлімінің меңгерушісі) береді.

Оқу пәні бойынша аралық аттестацияны өткізу барысында, емтиханда алынған балл және академиялық кезең барысында оқу-үлгерімінің ағымдағы бақылауының бағасының орта балы есепке алынады. Оқу-үлгерімінің ағымдағы бақылауының бағасы пән бойынша білімнің қорытынды бағасының 60% құрайды, және емтиханның бағасы пән бойынша білімнің қорытынды бағасының 40% құрайды.

Білім алушылар негізгі емтиханды тапсырғанға дейін, ақылы негізде, пән бойынша сынама тестілеу рәсімінен өте алады.

Ауызша немесе жазбаша емтиханды өткізу үшін, білім алушының академиялық кезең барысында жинаған балдары қойылатын, емтихандық ведомостты Тіркеуші Офісі емтихан қабылдаушыға береді.

Емтихан тестілік формада өтетін кезде, ведомость автоматты түрде

калыптасады және шығарылады, ол ведомостта білім алушының академиялық кезең барысында жинаған балдары мен емтихан қорытындылары есептелінеді.

Білім алушы қорытынды бақылаудан (емтиханнан) "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған жағдайда пән бойынша қорытынды баға есептелмейді және ол бойынша кредиттер есептелмейді.

Қорытынды бақылаудың оң бағасын аралық аттестаттаудың осы кезеңінде көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Білім алушылар емтихандарды қатаң түрде пәндер бойынша бекітілген жұмыс және жеке оқу жоспарына, оқу бағдарламаларына сәйкес тапсырады.

Білім алушылар қажет болған жағдайда оқытудың қосымша түрлерінің пәндері бойынша емтихан тапсырады, нәтижесі емтихан ведомосына және транскриптке жазылады (әскери дайындықтан басқасы).

"Қанағаттанарлықсыз" бағасын оң бағаға өзгерту немесе үлгерімнің орта балын (GPA) көтеру мақсатында қайта тапсыру үшін білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Мұндай жағдайда білім алушы белгіленген тәртіп бойынша оқу пәніне жазылу рәсімінен қайта өтеді.

Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін білім алушы емтихан өткізілген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция береді.

Ректордың бұйрығымен емтихан сессиясы кезеңіне (аралық аттестаттау) апелляцияланатын пәндер бейініне біліктілігі сәйкес келетін оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады

Университетте оқудың келесі курсына өту үшін GPA балының минималды деңгейі орнатылған:

1-тан 2 курсқа – 1.33;

2-тан 3 курсқа – 1.67;

3-тан 4 курсқа – 2.00;

4-тан 5 курсқа – 2.67;

Өту балының ең төменгі көлемін жинаған білім алушылар факультет деканының (институт, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі директорының,) ұсынысы негізінде ректордың бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

Ең төменгі өту балын ала алмаған білім алушы оқу курсына қайта оқуға қалдырылады.

Курс бағдарламасын толығымен өтіп, белгіленген өту балының ең төменгі деңгейіне жете алмаған білім алушыға өзінің орташа үлгерім балын (GPA) жоғарылатуы мақсатында жазғы семестрде белгілі бір пәндерді ақылы түрде қайта оқуына және сол пәндерден қайта емтихан тапсыруына мүмкіндік беріледі.

Қайта тапсырылған емтиханнан оң нәтиже алған жағдайда емтихан ведомосы мен транскриптке жазылатын қорытынды баға қайта есептеледі.

Орташа үлгерім балын есептеу барысында оқу пәні бойынша соңғы бағалар есепке алынады.

Транскриптке білім алушының қайта тапсырған емтихандарының оң нәтижелерімен қоса барлық қорытынды бағалары жазылады.

Оқу курсына қайта қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары немесе қайта құрастырылған жеке оқу жоспары бойынша білім ала алады.

Өту балының ең төменгі деңгейін жинап, келесі курсқа ауыстырылған академиялық берешегі бар білім алушы тиісті пәндерді ақылы негізде қайта оқып, академиялық қарыздарын жоюы тиіс.

Осы Қағидалар әскери, арнайы оқу орындарында оқитын білім алушыларға таратылмайды.

Емтихандар қорытындысы және оқу үрдісін жақсарту бойынша ұсыныстар емтихандық сессия аяқталғаннан кейін ЖОО-ның ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады.

ЖОО-дан шығарылған тұлғаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 12 маусымдағы № 289 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5717 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 289 бұйрық) білімі аяқталмаған тұлғаларға берілетін анықтама беріледі.

Аралық аттестацияның (қорытынды бақылау) нәтижелері бойынша Тіркеуші кеңсесі магистратура бөлімімен бірлесе отырып білім алушылардың академиялық рейтингін құрастырады, бұл академиялық жеңілдіктер алуға және артықшылықтар алуға негіз болып табылады: оқыдың төлемақысын төмендету, тегін оқу.

Сыртқы оқу формасы студентіне, емтихандық сессияларды сәтті аяқтау барысында, келесі емтихандық сессияға қажет жағдайда анықтама-шақыру беріледі.

Анықтама-шақыртуларды беру және сыртқы оқу бөлімі студентінің емтихандық сессияларға келуі қатаң түрде есептелінеді.

3.2 «Қазақстанның заманауи тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу

Барлық бакалавр мамандығындағы студенттері "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша оны оқып аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

Мемлекеттік емтихан өткізуді "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" оқу пәнін оқытатын кафедра (бұдан әрі - кафедра) факультет деканатымен (институт директорымен) және Офис регистратормен бірлесе отырып жүзеге асырады.

«Қазақстанның заманауи тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан оқу жұмыс жоспарына сәйкес ауызша, жазбаша немесе тестілік формада іске асады.

Мемлекеттік емтиханды өткізу формасы, университеттің ғылыми кеңесімен академиялық кезең басталған соң бір айдан кешіктірілмей өзіндік түрде анықталады.

«Қазақстанның заманауи тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін, факультет деканының таныстыруы бойынша бір күнтізбелі жылға, құрамы төрағадан және комиссия мүшелерінен тұратын, Мемлекеттік емтихандық комиссиясы (әрі қарай - МЕК) жасақталады.

"Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша МЕК төрағасы мен құрамы ғылыми кеңес шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

МЕК отырысының кестесін, Тіркеуші офісі академиялық күнтізбеге сәйкес жасайды және мемлекеттік емтиханның басталуына кем дегенде екі апта қалғанға дейін ректормен бекітіледі.

МЕК отырысының ұзақтылығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы керек.

МЕК отырысы әрбір білім алушыға, Қосымша 2 формасы бойынша жеке хаттамамен рәсімделеді және отырысқа қатысқан төраға және комиссия мүшелері оған қол қояды.

Аталған пән бойынша сабақ жүргізетін кафедраның оқу-көмекші персоналы қатарынан тағайындалатын хатшы, МЕК отырысының хаттамасын жүргізеді.

МЕК отырысының хаттамалары, мемлекеттік емтихан басталғанға дейін А4 форматты қағаздарға рәсімделеді, нөмерленеді, белгіленеді және оқу-әдістемелік басқармасының мөрі қойылады.

Егер студент МЕК отырысына келмеген болса, онда оның тегіне қарам-қарсы тұсқа «келмеді» белгісі қойылады.

Мемлекеттік емтихан қорытындысы білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

Бұл ретте, қорытынды баға жіберілу рейтингісінің бағасы мен мемлекеттік емтихан бағасы ескеріле отырып қойылады. Жіберілу рейтингісінің бағасы мемлекеттік емтихан бағасы пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 30%-ын құрайды.

«Қазақстанның заманауи тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан бойынша студент «қанағаттанарлық емес» бағасын алған жағдайда, ол ақылы негізде осы пәнге қайта жазылады, келесі академиялық кезеңнің оқу сабақтарының барлық түріне қатысады, ағымдағы бақылаудың талаптарын орындайды, рұқсат алады және мемлекеттік емтиханды қайта тапсырады.

«Қазақстанның заманауи тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның оң бағасын одан әрі көтеру мақсатында қайта тапсыру ұқсас процедура бойынша жүзеге асады.

Мемлекеттік емтиханның нәтижелерімен келіспейтін білім алушы апелляцияға береді, МЕК өткен күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешікпей.

Апелляцияны өткізу үшін, университеттің ректорының бұйрығымен «Қазақстанның заманауи тарихы» пәні бойынша, аталған пән бойынша тәжірибелі оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссиясы жасақталады.

Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда МЕК отырысының хаттамасы қайта рәсімделеді. Бұл жағдайда бірінші хаттаманың нәтижелері ««____» бетіндегі ____ мерзімдегі №____ хаттамасымен баға қайта қаралды» деген жазумен өшіріледі және барлық қатысушы МЕК мүшелерімен қол қойылады.

«Қазақстанның заманауи тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихантапсырудың нәтижелері, оның тапсырылуы қарастырылған емтихандық сессия қорытындысын шығару барысында есепке алынады.

МЕК жұмысы аяқталған соң төраға, университеттің ғылыми кеңесінде талқыланатын және бекітілетінсеп дайындайды.

4 ІС-ТӘЖІРИБЕНІ БАҒАЛАУ

Кәсіби іс-тәжірибе білім алушының теориялық дайындығын, және кәсіби қызмет саласында оның меңгерген практикалық дағдылары мен күзiреттерiн, сонымен қатар өзiндiк кәсіби қызмет тәжірибесiн бекiтуге және тереңдетуге бағытталған. Іс-тәжірибенің мақсаты кәсіби қызметтің барлық түрлерін білім алушылардың кешенді меңгеруі, жалпы және кәсіби күзiреттерді қалыптастыру, сонымен қатар, мамандық бойынша кәсіби жұмыстың қажет қабілеті мен тәжірибесін алуы болып табылады.

Іс-тәжірибенің мақсаттары мен мiндеттері білім алушының оқу кезеңдерінің әртүрлі кезеңдерінде бiр-бiрiнен айырмашылығы бар болады, дегенмен олар бiр-бiрiмен басқа оқу формаларымен органикалық байданысты.

«Мирас» университетінің студенттерінің практикасы жоғары кәсіби білімнің оқыту бағдарламасының негiзгi құрамдас бөлiгi болып табылады.

Іс-тәжірибелердің түрлері мен мерзiмдері мамандықтардың модулдық оқыту бағдарламаларымен, оқу жұмыс жоспарларымен, академиялық күнтізбемен орнатылады, ал мазмұны – кафедралар жасайтын практиканың жұмыс бағдарламаларымен орнатылады.

Іс-тәжірибені ұйымдастыру үшін орнатылған және қорытынды (жалпылық) конференциялар өткізіледі. Орнатылған және қорытынды конференциялардың мерзімі кафедралармен белгіленеді.

Конференцияларға білім алушылар, практика жетекшілері, деканаттың өкiлдері қатысады, ОӘБ өкiлдері, практика базасының жетекшілері шақырылады.

Орнатылған конференциялар білім алушыны практика бағдарламасымен және практика базасы бойынша оларды бөлу бұйрығымен таныстыру мақсатында өткізіледі.

Білім алушыларды кәсіби іс-тәжірибенің мақсаты, мiндеттерімен, оның мазмұнымен, білім алушылардың мiндеттерімен, ұйымның режимі мен жұмыс ерекшеліктерімен, қызметтің кәсіби саласындағы проблемалармен, кәсіби этика және орындау тәртібімен таныстырады; тәжірибе жинау бойынша жұмысқа нұсқау береді, кәсіби қызметтің түрлі аспектілерін өңдеудегі басшылық пен белсенділік береді; практика базалары бойынша бөлу өкiмі туралы бұйрықпен таныстырады.

Қорытынды конференция іс-тәжірибе қорытындысын жасау мақсатында өткізіледі; оның сандық және сапалық нәтижелерін, ұйымның проблемалы сұрақтарын және кәсіби іс-тәжірибенің барысын, оларды шешу жолдары мен механизмдерін анықтау мақсатында өткізіледі. Бұл конференцияға білім алушы өткен іс-тәжірибе базасының өкiлдері шақырылады. Іс-тәжірибе жетекшісі жалпы қорытынды шығарады, кәсіби іс-тәжірибенің бағасын хабарлайды.

Орнатылған және қорытынды конференцияны жиналысқа айналдырып алмау маңызды болып табылады. Керісінше, алдағы кәсіби қызметке оң

нұсқауларды қалыптастыру үшін пәндік-эстетикалық орта және сәйкес көңіл-күйді қалыптастыру керек немесе кәсіби білім, дағды және қабілет, қасиеттерді саналымақсатты бағытталған түрде дамыту керек.

Іс-тәжірибе аяқталған соң 1 апта көлемінде, қорғау кестесіне сәйкес, білім алушылар сәйкес кафедраға есеп ұсынады, оларды жетекші тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғайды. Университеттің академиялық адалдық ережелеріне сәйкес іс-тәжірибе бойынша есебін қорғауға рұқсат алу үшін оның бірегейлігінің межелік мағынасы кем дегенде 70% құрауы керек. Есепті қорғау нәтижелері, дифференциалды сынақпен орнатылған балдық-рейтингтік әріптік білімді бағалау жүйесі бойынша бағаланады, және осы жұмыс түрлері үшін бөлінген кредиттер санын бөлу шарты бойынша ауысу балын есептеу барысында есепке алынады.

Іс-тәжірибе бойынша бір жетекшіні тағайындау барысында (көп жағдайда, оқу, оқу-танысу, өрістік және т.б.), баға көрсетілген білім мен есепті безендіруге сәйкес ұсынылған есептің қорытынды қорғауы бойынша қойылады.

Іс-тәжірибе бойынша екі жетекшіні тағайындау барысында (көп жағдайда, педагогикалық, өндірістік және т.б.) іс-тәжірибебазасынан іс-тәжірибе жетекшісінің бағасын есепке ала отырып қорытынды баға қойылады, іс-тәжірибебазасынан іс-тәжірибе жетекшісінің бағасы қорытынды бағаның 40% құрайды, және ұсынылған есепті қорғау бойынша бағаны университеттен жетекші қояды, ол қорытынды бағаның 60% құрайды.

Іс-тәжірибе бойынша баға емтихандық ведомостқа қойылады және студенттердің оқу-үлгерімінің жалпы қорытындысын шығару барысында есепке алынады.

Іс-тәжірибеден өтуші студенттің есептік құжаттамасы:

- орындалған жұмыстың сипаты мен мазмұны берілетін практиканттың күнделігі, өзін-өзі талдауы беріледі;
- іс-тәжірибе кезеңіне студенттің кәсіби және басқа да қызметтерінің оң және теріс тұстары көрсетілетін, іс-тәжірибеден өту орнынан сипаттама. Практиканттың қызметінің балдық бағасы қойылады;
- есеп, ол кафедраға тапсырылады және кейіннен қорғалады;
- іс-тәжірибе бойынша қосымша материалдар (олар бар болған жағдайда).

Практиканттың есебінің маңызды бөлігі – өзінің кәсіби дайындығының сапасы негізгі кәсіби функцияларды іске асыруға өзін-өзі талдауы, және келесі аспектілердің сипаттамасы бар практикалық қызметтің нәтижелері: Кәсіби іс-тәжірибе барысында қандай міндеттерді шештің? Жоспар орындалды ма, жоспардан тыс не орындалды? Неге үйрендің? Қандай қабілет пен дағдылар меңгерілді? Не ұқтың? Қандай жұмыстармен әрі қарай айналысу керек? Қандай оқу ақпараты пайдалы болды? Қандай білім бойынша кемшіліктерді сезіндің? Қандай қиындықтармен соқтығыстың? Болашақ мамандарды дайындауда неге көңіл бөлу керек? Көңіліңнен не

шықты? Өтіп кеткен өзінің практикалық қызметінде нені өзгерткің келеді? Жалпы қорытындылар, ұсыныстар, қалаулар.

Білім алушылардың іс-тәжірибесінің нәтижелерін бағалаудың негізгі критерилері іс-тәжірибе түріне сәйкес анықталады және іс-тәжірибелер бағдарламасында көрсетілуі керек.

Іс-тәжірибені ұйымдастыру және өткізу сұрақтары бойынша барлық құжаттамалар істердің номенклатурасына сәйкес рәсімделеді және кафедрада сақталады.

Іс-тәжірибе бағдарламасын орындамаған, есепті қорғау барысында қанағаттанарлық баға алмаған немесе есептік құжаттамаларды қорғауға келмеген білім алушылар, академиялық қарызы бар болып есептелінеді және іс-тәжірибеге қайта бағытталады. Бұл ретте оқу жоспарымен қарастырылған практика ұзақтылығы сақталады. Іс-тәжірибе бойынша академиялық қарызды жою ақылы негізде, арнайы жасалған кесте бойынша іске асады.

Диплом алды іс-тәжірибесі бойынша есепті тапсыру барысында қанағаттанарлық баға алмаған студент мемлекеттік емтихандарға жіберілмейді.

Іс-тәжірибені өткізу бойынша нәтижелері, іс-тәжірибеден кейін 1 апта көлемінде, кафедрадан практика жетекшісімен кәсіби практиканың жетекшісінің есебі түрінде рәсімделеді. Есептерді сақтау мерзімі істердің Номенклатурасына сәйкес анықталады.

Студенттердің іс-тәжірибелерінің қорытындылары кафедра отырысында талқыланады және Ғылыми кеңесте қаралады.

Іс-тәжірибенің түрлері мен бағдарламалары, іс-тәжірибені ұйымдастыру сұрақтары, іс-тәжірибе бойынша есептерді сақтау тәртібі, іс-тәжірибені оқу-әдістемелік басшылық ету, іс-тәжірибе бойынша студенттің күнделігі мен есебін безендіруге талаптар «Мирас» университетінің «Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру және өткізу туралы Ережесінде» толығымен қарастырылған.

5. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 Студенттердің қорытынды аттестациясын өткізу тәртібі

Түлектердің білімін, қабілеттерін және құзіреттерін, дағдыларын бақылау олардың қорытынды аттестациясын өткізу барысында іске асады.

Университетте бакалавриатта білім алушыларды қорытынды аттестаттау МЖМББС белгіленген нысандарда өткізіледі, оның ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбеде және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларында қарастырылған.

Қорытынды аттестацияның мақсаты – түлектердің теориялық деңгейін, қалыптасқан кәсіби құзіреттерін, кәсіби міндеттерді орындауға дайындығын және оның дайындық деңгейінің оқыту бағдарламаларының және кәсіби стандарттардың талаптарына сәйкестігін бағалау болып табылады.

Студенттердің қорытынды аттестациясы мамандық бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру формасында және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау, немесе екі бейіндік пәндер бойынша қосымша және мамандық бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру формасында өткізіледі.

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және оны қорғау рәсімдерінен тұрады. Бұл ретте дипломдық жұмыстың (жобаның) мақсаты түлектің зерттеу және аналитикалық қабілеттерін анықтау және бағалау болып табылады.

Университет, білім алушының теориялық дайындық деңгейі, оқу нәтижелері және зерттеу-аналитикалық қабілеттерін есепке ала отырып, қорытынды аттестацияны тапсыру формасын өзіндік түрде анықтайды: мамандық бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру және дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау, немесе мамандық бойынша және қосымша екі бейіндік пән бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру.

Дипломдық жұмыстар (жобалар) шығарушы кафедралардың күшімен ұйымдастырылатын плагиатқа тексеруден өтуі керек (қорғауға жіберу үшін мәтіннің бірегейлігі кем дегенде 70% болуы керек).

Мемлекеттік емтихан тапсырылатын бейіндік пәндердің тізімі, шығарушы кафедраның ұсынысы негізінде факультеттің кеңесі шешімімен бекітіледі.

Мемлекеттік емтихандарды тапсыру мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларымен және барлық оқу формалары үшін бірыңғай болып табылатын пәндердің мемлекеттік емтиханына енгізілетін оқу жұмыс бағдарламаларымен сәйкес ұйымдастырылады.

Дипломдық жұмысты (жобаны) студенттердің қорғауы мамандықтың оқу жұмыс жоспарымен сәйкес ұйымдастырылады.

Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан аталған емтихан кешеніне қосылған пәндердің оқу бағдарламалары негізінде оқу орны жасаған бағдарлама бойынша өткізіледі.

Мемлекеттік емтиханның бағдарламасы университеттің ҒК шешімімен бекітіледі.

Студенттердің қорытынды аттестациясының мерзімі академиялық күнтізбеде қарастырылады.

Білім алушылардың қорытынды аттестациясының жалпы тәртібі, мемлекеттік аттестациялық комиссиясын құру тәртібі, студенттердің қорытынды аттестация өткізуге дайындық кезеңдері, студенттерді қорытынды аттестацияға жіберу рәсімдері, студенттердің қорытынды аттестациясын өткізу, апелляцияға беру ережелері және қорытынды аттестацияны қайта тапсыру ережелері, жоғары білім туралы дипломды беру тәртібі, қорытынды аттестация бойынша есептердің түрлері «Мирас» университетінің ««Мирас» университетінде білім алушылардың қорытынды аттестациясын өткізу туралы Ережесінде» толығымен қарастырылады.

5.2 Магистранттардың қорытынды аттестациясын өткізу тәртібі

Магистранттардың қорытынды аттестациясы, МЖМБС сәйкес академиялық күнтізбемен және мамандықтардың оқу жоспарларымен қарастырылған мерзімде, кешендік емтихандарды тапсыру және магистрлік диссертацияны тапсыру формасында өткізіледі.

Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламаларының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқу үдерісін толық аяқтаған білім алушылар ғана жіберіледі.

Оқу жұмыс жоспарының, индивидуалды оқу жоспарының және оқу жұмыс жоспары бағдарламаларының талаптарын орындамаған бітіруші курстың білім алушылары оқудың қайта курсына жазғы семестрден өтусіз қалдырылады.

Білім алушылардың кешендік емтиханын қабылдау үшін және магистрлік диссертацияларды қарастыру үшін университет мамандықтар және жоғары білімнен кейінгі білім мамандықтарының топтары бойынша Мемлекеттік аттестациялық комиссиясын (МАК) қалыптастырады.

МАК төрағасы мен құрамы ЖОО ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ағымдағы оқу жылының 10 қаңтарынан кешіктірілмей ЖОО басшысының бұйрығымен бекітіледі және ағымдағы күнтізбелік жыл бойы қолданыста болады

МАК құрамы мамандық бойынша бітіруші білім алушылардың контингентіне сәйкес анықталады және басшылықтың бұйрығымен бекітіледі.

Магистранттардың қорытынды аттестацияға рұқсаты тізім бойынша ректордың бұйрығымен қорытынды аттестацияның басталуына кем дегенде екі апта қалғанға дейін рәсімделеді және МАК ұсынылады. Кешендік емтихан қабылданады: магистрлік диссертацияны қорғауға дейін кем дегенде 1 айға дейін. Мамандық бойынша кешендік емтиханға магистратураның кәсіби оқу бағдарламаларының бейіндік және базалық пәндер циклына

кіреді. Кешендік емтихан келесі формалардың біреуінің формасы бойынша өткізіледі: ауызша, жазбаша, бекітілген бағдарламалар көлемінде тесттік. Өткізу формасы Ғылыми кеңестің шешімінің негізінде ректордың бұйрығымен орнатылады, кешендік емтиханның басталуына кем дегенде 1 ай қалғанға дейін.

Оң бағалы кешендік емтиханды оның бағасын одан әрі көтеру мақсатында қайта тапсыру рұқсат етілмейді. Кешендік емтиханның нәтижелерімен келіспеген білім алушы, оның өткен күнінен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляцияға береді. Апелляцияны өткізу үшін ректордың бұйрығымен апелляциялық комиссия жасақталады. Оның құрамы мамандықтың бейініне сәйкес біліктілігі бар тәжірибелі оқытушылар қатырынан құрылады.

Кешендік емтиханды тапсырған магистрант диссертациялық жұмысты қорғауға жіберіледі. Магистрлік диссертацияны (жобаны) немесе докторлық диссертацияны қорғауға жіберу кешенді емтиханды тапсыру туралы МАК төрағасының ұсынуы және бітіруші кафедра меңгерушісінің қолы қойылған докторлық диссертацияны қорғау туралы кафедра отырысы шешімінен үзінді негізінде ЖОО басшысының бұйрығымен ресімделеді

Кешенді емтиханнан қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы № 289 бұйрығымен бекітілген білімі аяқталмаған тұлғаларға берілетін анықтама беріле отырып ЖОО басшысының бұйрығымен ЖОО-дан оқудан шығарылады

Магистерлік диссертация плагиатқа тексерістен міндетті түрде өтеді (қорғауға жіберілуі үшін жұмыстың бірегейлігі кем дегенде 75% болуы керек).

Магистерлік диссертация/жобаны қорғау мыналар бар болған жағдайда іске асады:

- Ғылыми жетекшінің оң пікірі;
- Магистрант диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда, журналдарда, немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияларда жарияланған кемінде бір мақаласы бар болған жағдайда қорғауға жіберіледі

- Диссертацияны қорғауға ұсыныс туралы эксперттік комиссияның жазбаша қорытындысы;

- Шығарушы кафедраның қорғауға жіберу ұсынысы туралы шешімі (диссертациялық жұмыста қорғауға жіберу туралы белгі);

- Біліктілігі қорғалатын жұмыстың бейіміне сәйкес келетін ішкі пікір жазушының, диссертацияның жан-жақты сипаттамасы берілетін және бағасын («үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлық емес») және сәйкес мамандық бойынша «магистр» академиялық дәрежесін тағайындау мүмкіндігін көрсету арқылы аргументтелген қорытындысы бар, бір рецензиясы.

Ғылыми жетекші және/немесе шығарушы кафедра «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға жіберілуге ұсынылмайды» деген теріс

қорытынды берілетін жағдай болса, онда магистрант магистрлік диссертацияны қорғауға жіберілмейді.

Магистранттардың қорытынды аттестациясын ұйымдастыру және өткізу тәртібі «Мирас» университетінің «Магистранттардың қорытынды аттестациясы туралы ережесінде» толығымен сипатталған.

6 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІНІҢ САПАСЫН КӨТЕРУ САЯСАТЫ

Білім алушыларды жоғары академиялық көрсеткіштерге жетуге ынталандыру мақсатында келесі шаралар қолданылады:

- «Автомат» жүйесі бойынша қорытынды бағаларды алу мүмкіндігін ұсыну;

- Оқуға жеңілдіктер және оқыту гранттарын ұсыну арқылы GPA жоғары деңгейлі студенттерді марапаттау;

- Оқудың келесі курсына өту үшін GPA-дың минималды деңгейін орнату:

1-тан 2 курсқа – 1.33;

2-тан 3 курсқа– 1.67;

3-тан 4 курсқа– 2.00;

4-тан 5 курсқа – 2.67;

- Емтихандық сессияға рұқсат үшін минималды талаптарлы орнату:

- Минималды ағымдағырейтинг – 36 балл – пән бойынша емтиханды тапсырға рұқсат балы;

- Курстық жұмысты мына нәтижемен жазу және қорғау:

- Курстық жұмыстың мазмұны және безендіруіне 60% кем емес (18 балдан 10 балл);

- Курстық жұмысты қорғауға 60% кем емес (12 балдан 7 балл);

- Әрбір Quiz бойынша 60% кем емес оқу-үлгерімі№

6. МЕҢГЕРІЛГЕН БІЛІМ, ҚАБІЛЕТ, ДАҒДЫ ЖӘНЕ ҚҰЗІРЕТТЕРДІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЛЕРІ

Сабақтарда тапсырмаларды, жұмыстарды, жобаларды орындау, емтиханда жауап беру нәтижелері 100-балдық жүйе бойынша бағаланады: А, А-, "үздік" (90 – 100 балл); В+, В, В-, "жақсы" (75 – 89 балл); С+, С, С-, D+, D-, "қанағаттанарлық" (50 – 74 балл); F, «қанағаттанарлық емес» (0 – 49 балл).

«Үздік» бағасы оқылатын пәндік облыстың негізгі процестерінде мықты білім көрсететін және пәннің негізгі түсініктерін білетін және дұрыс анықтай алатын білім алушыларға қойылады, оның сұрақтарға жауаптары тақырыпты ашуының тереңдігімен және толықтығымен, аргументтелгендігімен ерекшеленеді; терминологиялық аппаратты меңгерген, құбылыстардың, процестердің, жағдайлардың мағынасын түсіндіре алады, қорытынды және жалпылау жасай алады, аргументтелген жауап бере алады, мысалдар келтіре алады; жауаптың логикалығын және кезектілігін көрсетеді; тапсырмаларды орындау барысында алынған білімді шығармашылық қолдана алады; түрлі теориялық және практикалық проблемалары шеше алады; сонымен қатар егер тапсырмалар, жұмыстар немесе шығармашылық жобалар рәсімделуі және оның таныстырылуы орнатылған талаптарға сәйкес болса, ал есеп толығымен проблеманың мәнін ашатын болса қойылады.

«Жақсы» бағасы оқылатын пәндік облыстың негізгі процестерінде мықты білім көрсететін және пәннің негізгі түсініктерін білетін және дұрыс анықтай алатын білім алушыларға қойылады, оның сұрақтарға жауаптары тақырыпты ашуының тереңдігімен және толықтығымен, аргументтелгендігімен ерекшеленеді; терминологиялық аппаратты меңгерген, құбылыстардың, процестердің, жағдайлардың мағынасын түсіндіре алады, қорытынды және жалпылау жасай алады, аргументтелген жауап бере алады, мысалдар келтіре алады; жауаптың логикалығын және кезектілігін көрсетеді; дегенмен жауапта бір-екі жауапта нақтылық емес жіберіледі. Ереже бойынша, «жақсы» бағасы пән бойынша білімнің жүйелік сипатын көрсеткен және әрі қарай оқу жұмысы және кәсіби қызмет барысында оларды өзіндік түрде толықтыруға және жаңалауға қабілетті білім алушыға қойылады. Сонымен қатар, егер тапсырмалар, жұмыстар немесе шығармашылық жобалар рәсімделуі және оның таныстырылуы орнатылған талаптарға сәйкес, бірақ есеп проблеманың мәнін толық ашпайды және рәсімдеуде маңызды емес қателерден тұрады.

«Қанағаттанарлық» бағасы білім алушыға қойылады егер, ол пәннің негізгі түсініктері, теорияның негізгі сұрақтары бойынша білім көрсеткен және тапсырманың негізгі компоненттерін сипаттай алған, дегенмен оның емтихандағы жауаптары немесе тапсырма бойынша есебі құбылыстарды, процестерді талдаудың әлсіз қалыптасқан дағдысын көрсетеді, аргументтелген жауапты беру және мысалдар келтіру қабілеті жеткіліксіз; көбінесе оқылатын пән облысын процестерін білу туралы дәлел болады,

бірақ тақырыпты ашудың толықтығы және тереңдігі бойына жеткіліксіздігімен ерекшеленеді; сонымен қатар егер жұмыста, тапсырмада, шығармашылық жобада құрылымдық-мазмұндық компоненттерінде қате бар және рәсімдеуде маңызды емес қателері бар болса қойылады. Көбінесе, «қанағаттанарлық» бағасы емтиханда жауап бергенде немесе тапсырманы орындауда қате жәберген, дегенмен оқытушының жетекшілігімен ол қателерді жою үшін қажетті білімді меңгерген білім алушыларға қойылады.

«Қанағаттанарлық емес» бағасы студентке қойылады егер, ол тапсырмаларды орындау барысында пән шеңберінде қалыптасатын арнайы білім, дағды және қабілетті көрсетпеген болса, сонымен қатар, егер шығармашылық жобада өткізілген зерттеудің теориялық, әдістемелік және эмпирикалық базасы нашар бейнеленген болса, дұрыс қорытынды жасалмаған және рәсімдеуде айтарлықтай қателер бар болса. Көп жағдайда, «Қанағаттанарлық емес» белгі қойылған жауаптар оқылатын пән облысындағы процестерді білмейтін, тақырыпты ашу бойынша терең еместігімен ерекшеленеді; теорияның негізгі сұрақтарын білмеу, құбылыстар, процестерді талдау қабілеті қалыптаспаған; аргументтелген жауап беру қабілеті жоқ, логикалығы және кезектілігі жоқ. Білім алушы жауап мазмұнында өрескел қате жібереді.

«Сынақталды» бағасы қарастырылған бағдарламалық материалды мықты меңгерген; барлық сұрақтарға мысалдар келтіріп аргументтелген жауап берген; терең жүйелі білім көрсеткен; түрлі әдебиет көздерін материалдарды талқылау тәсілдерін және сәйкестендіру тәсілдерін меңгерген; теорияны практикамен байланыстырады, аталған курстың басқа оқылатын пәндерінің басқа да тақырыптарымен байланыстырды; практикалық тапсырманы қатесіз орындаған студентке қойылады. Бағаны қоюдың негізгі шарты – жылдам немесе жәй темпте дұрыс сөйлеу қабілеті болып табылады. "Сынақталды» бағасын алудың қосымша шарты- өзіндік жұмысты және бақылау жұмыстарын орындауда жақсы жетістіктері, семинарлық сабақтардағы жүйелі белсенді жұмысы болып табылады.

«Сынақталмады» бағасы тапсырманың 50% орындамаған, өрескел қате жіберген студентке қойылады. Ол оқытушы қойған қосымша сұрақтарға жауап бере алмайды. Студентте мәдениеттің өзара байланысы, компоненттері, даму кезеңдері туралы толық ойы жоқ. Ауызшы және жазбаша сөйлеу мәдениеті бағаланады, оң баға қою барысында да бағаланады.

ECTS (Кредиттерді ауыстырудың және жинаудың Еуропалық жүйесі) бойынша бағаларды балдық-рейтингтік жүйеге аудару кестесі

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі	әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A1	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлық емес	

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі	әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A2	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлық емес	

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі	әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
B1	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы

	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	қанағаттанарлық
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлық емес

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі	әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
B2	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлық емес	

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі	әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
C1	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлық емес	

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі	әріптік жүйе бойынша баға	ECTS бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
C2	A	A	4,0	95-100	Үздік
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	қанағаттанарлық
	C	D	2,0	65-69	қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлық емес

